

## **«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП: ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН»**

Экономика және басқару факультеті, «Менеджмент және туризм» кафедрасының ЭЭМ-511 топтарының студенттері арасында 409 аудиторияда тәрбие сағаты өтті. 18.11.2025ж. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Менеджмент студенттері мен топ басшыларының қатысуымен «Заң мен тәртіп: қауіпсіз Қазақстан үшін» тақырыбындағы тәрбие сағатына жиналды. Бұл іс-шараның мақсаты – студенттердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заң мен тәртіптің маңызын түсіндіру және қауіпсіз қоғам қалыптастыруға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында келесі негізгі мәселелерге назар аударылды:

### **• Заңның қоғамдағы рөлі**

- Заңның адам өміріндегі маңызы
- ҚР Конституциясы және негізгі құқықтық құжаттар
- Азаматтардың құқықтары мен міндеттері

### **• Құқықтық мәдениет және құқықтық сауаттылық**

- Құқықтық сауаттың тұлға қалыптастырудағы орны
- Заңды білу — құқық бұзушылықтың алдын алу
- Студенттер арасындағы құқықтық мәдениетті арттыру жолдары

### **• Құқық бұзушылық түрлері және олардың салдары**

- Әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтар
- Жауапкершілік түрлері (тәртіптік, әкімшілік, қылмыстық)

### **• Қоғамдық тәртіпті сақтау**

- Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері
- Төтенше жағдайда өзін-өзі дұрыс ұстау
- Қоғамдық қауіпсіздікке үлес қосу жолдары

### **• Құқық қорғау органдарының қызметі**

- Полицияның негізгі міндеттері
- Тәртіп сақшыларының қоғамдағы рөлі
- «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» сияқты жобалар

### **• Қауіпсіз қоғам құрудағы отбасының рөлі**

- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі құқықтық жауапкершілігі
- Үйдегі тәртіп пен қауіпсіздік
- Жасөспірімдердің интернет-қауіпсіздігі

### **• Құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары**

- Салауатты өмір салты
- Бос уақытты тиімді ұйымдастыру

Сабақ пікірсайыс, сұрақ-жауап турлері форматында өтті. Студенттер өз көзқарастарын білдіріп, қызығушылық тудырған сұрақтар қойды. Тәрбие сағаты білімгерлерге әділдік пен жауапкершілікті, қауіпсіздік, азаматтық сана құндылықтарын қалыптастыруды, сондай-ақ заң талаптарын орындаудың қоғам тұрақтылығының кепілі екенін түсіндіруге бағытталған маңызды іс-шара болды.

